

Күні:27.09.2025

Катысты:128 ата-ана

### Күн тәртібінде:

- 1.«Мектепке жол» акциясы бойынша жасалып жаткан жұмыстар;
2. Мектептегі педагогикалык-психологгиялык колдау кызметінің жұмысы;
- 3.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды: мектептің әлеуметтік педагогы Жумабаева А.А.«Мектепке жол» акциясы 2025 жылдың 1-тамызынан бастап 31-ші қыркүйекке дейін басталғанын айтты. Сонымен қатар акцияның басты мақсаты – әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету екенін айтты. Акция аясында демеушілер тартылып, оқушыларға оқу құралдары мен мектеп формасы беріліп жатқанын мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Д.Арингазина сөз алды. Педагогикалық психологияның қызметінің жұмысын түсіндіру.Педагог-психологтың жұмысына оның ішінде ең бірінші оқушылардың келісім парақтары жайлы түсіндірме жұмысын айтып өттім.Ата-аналармен оқушылармен жасайтын тренинг жаттығуын жасап серігіп алдық.

2.Ата-аналарға 2025-2026 жж»Адал азамат »бағдарламасындағы ата-аналарды педагогикалық колдау кызметінің сабақтарындағы 3 модуль жайлы айтылды.

*Бірінші модуль* – балалар мен ата-аналарға арналған «ІШКІ КҮШІ» тренинг бағдарламасы – эмоционалды тұрақтылықты, сенімділікті, өзін-өзі реттеу дағдыларын және сындарлы қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Тренинг форматы ата-аналар мен балаларға сенімді қарым-қатынасты нығайтуға, жеке әлеуетін ашуға, стресстік жағдайларды жеңуді үйренуге көмектесетін бірілескен сабақтарды қарастырады.

Екінші модуль – «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы – цифрлық және физикалық қауіпсіздік, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлук, өзіндік дербестік дағдылары мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру сияқты кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Сабақтар интерактивті форматта өтеді және ата-аналар мен балаларға арналған ұсыныстарды, нақты қауіп-қатерлерді моделдейтін, оларды еңсеру жолдарын көрсететін практикалық кейстерден тұрады. Бағдарламада ата-аналар мен балаларға арналған параллель сабақтар қарастырылған, бұл мәселені бірдей түсінуге және оны шешуде келісілген тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл модуль «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының басым бағыттарын тікелей байланысты. Бағдарлама жауапты, адал және дербес азамат тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Ол қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеудің, сыни ойлауды дамытудың және стандартты емес жағдайларда әрекет ету қабілетінің маңыздылығын атап көрсетеді — осының барлығы «Бала қауіпсіздігі» модулінің мазмұнында қамтылған. Сандық қауіпсіздікке және өзіндік дербестік дағдыларына ерекше назар аудару — «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тұлғаның саналы шешім қабылдай алуына, өзін және айналасындағыларды қорғай алуына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп нормаларын құрметтей алуына бағытталған міндеттерімен сәйкес. Ата-аналар мен балаларға арналған параллель

сабақтар отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік қағидасын жүзеге асырады. Бұл – бағдарламаның негізгі элементтерінің бірі: тәрбие жүйелі, үйлесімді және қолдаушы сипатта болуы тиіс. Сабақтар жас ерекшеліктеріне қарай сараланған және бастауыш буын (1–4 сыныптар), орта буын (5–9 сыныптар) және жоғары буын (10–11 сыныптар) оқушыларының психологиялық және білім беру ерекшеліктерін ескере отырып бейімделген. Әр жастағы топқа арналған ата-аналарға екі сабақ және балаларға екі сабақ қарастырылған. Ата-аналар мен балаларға арналған сабақтардың тақырыптары синхрондалған, бұл отбасында өзара диалог құруға және мәселені бірлесіп түсінуге мүмкіндік береді.


Үшінші модуль — «Өркендеу жолындағы серіктестік», ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған сабақтар — инклюзия, білім беру кеністігін бейімдеу, педагогтермен өзара іс-қимыл және жеке білім беру траекторияларын әзірлеу мәселелері бойынша практикалық қолдау ұсынады. Негізгі назар – қабылдау мен ресурстық қолдау ортасын құру, ата-аналардың тәрбиелік құзыреттерін нығайту және эмоционалды күйзелістің алдын алуға бағытталған.

Бұл модуль «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының әдіснамалық және құндылықтық бағдарларын іске асырады. Бағдарлама әділ, жауапты және қамқор азамат тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Онда инклюзивті тәсілдің маңыздылығы, әр баланың жеке даралығына құрметпен қарау және оның даму ерекшеліктеріне қарамастан толыққанды дамуына жағдай жасау басымдық ретінде белгіленген.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар ата-аналарды қолдау «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында бекітілген әлеуметтік әділеттілік қағидатына сәйкес келеді. Жеке оқу траекторияларын қалыптастыру және педагогтермен өзара әрекеттесу – бағдарламадағы негізгі элементтердің бірі болып табылатын отбасы мен мектеп арасындағы әріптестіктің практикалық көрінісі.

«Ақмола облысының білім басқармасының  
психологиялық қолдау орталығы»  
КММ

**Сенім телефоны 24/7**  
**8 708 044 53 23 (WhatsApp)**



Егер сізге психологиялық көмек  
қажет болса, бізге қолырау  
шалыңыз, жазыңыз (WhatsApp)  
Біз сізге көмектесеміз!!!

Үшінші мәселе бойынша тәрбие орынбасары А.Қаепов сөз алды.

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы 2025 жылы Қазақстанның білім беру ұйы мдарында азаматтық жауапкершілік, патриотизм және адамгершілік құндылықтарды дамыт уға бағытталған.

#### Бағдарламаның Мақсаттары

"Адал азамат" бағдарламасының негізгі мақсаты - қазақстандық мәдениет құндылықта ры негізінде үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру. Бұл бағдарламаның аясында азамат тық жауапкершілік, парасаттылық, адалдық, ар-ұждан, рухани- адамгершілік қасиеттерді дамыту көзделеді.

#### 2025 Жылға Арналған Жоспарлар

Тәрбие Процесіне Отбасын Тарту: Отбасыларды білім беру ұйымдарындағы тәрбие пр оцесіне тарту арқылы бағалардың тәрбиесіне ықпал ету.

Әлеуметтік Жобалар: "Камкор" әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру арқылы құндылы қтарды деріптеу.

Инновациялық Жобалар: "SMART BALD" инновациялық жобалар конкурсы арқылы бі лім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу.

Білім беру ұйымдарының біртұтас дизайны: 2026 жылы бағдарламаны қоғамға кеңінен тарату үшін перменді шаралар қабылданады, сонымен қатар мектептердің бірыңғай дизайн- коды әзірленеді.

#### Тәрбие Жұмысының Ұйымдастырылуы

20252026 оқу жылында тәрбие жұмысы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұй- ымдастырылатын болады. Әр айда тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс- шаралар өткізіледі, мысалы:

"Өнегелі 15 минут": Ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

"Қауіпсіздік сабағы": Сапауатты өмір салты, құқықтық сауаттылық, ақпараттық мәде ниет, жол қозғалысы ережелерін зерделеу.

#### Қорытынды

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы - бұл барлық білім беру ұйымдарында жү зеге асырылатын, ұлттық және азаматтық құндылықтарды дамытуға бағытталған ұзақ мерзі мді стратегиялық құжат. Бағдарлама аясында білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ет етін инклюзивті орта құруға жәрдемдесу көзделеді.

Бұл бағдарлама Қазақстанның болашағы үшін маңызды, себебі ол жастардың адамгер шілік және азаматтық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Хатшы:



Маркеш А